

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа әскерлеріне және әскери құрылымдарына азаматтарды 2010 жылдың сәуір-маусымында, қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке кезекті шақыру жүргізуді үйымдастыру және қамтамасыз ету туралы

Костанай облысы Ұзынкөл ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 26 сәуірдегі № 153 қаулысы . Қостанай облысы Ұзынкөл ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 21 мамырда № 9-19-132 тіркелді

"Әскери міндettілік және әскери қызмет туралы" 2005 жылғы 8 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына, "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткөрген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" Қазақстан Республикасы Президенттің 2010 жылғы 29 наурыздағы № 960 Жарлығын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 15 сәуірдегі № 313 қаулысына сәйкес және нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3714 болып тіркелген "Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа әскерлеріне және әскери құрылымдарына азаматтарды 2010 жылдың сәуір-маусымында, қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке кезекті шақыруды жүргізу ділдегі үйымдастыру және қамтамасыз ету туралы" Қостанай облысы әкімдігінің 2010 жылғы 15 сәуірдегі № 130 қаулысын іске асыру мақсатында, Ұзынкөл ауданының

әкімдігі

## ҚАУЛЫ

Е Т Е Д І :

1. Шақыруды кейінге қалдыруға немесе шақырудан босатылуға құқығы жоқ он сегізден жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтар, сондай-ақ оқу орындарынан шығарылған, жиырма жеті жасқа толмаған және шақыру бойынша әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткөрмеген азаматтардың Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа әскерлеріне және әскери құрылымдарына мерзімді әскери қызметке кезекті шақырылуы жөніндегі іс-шаралар 2010 жылдың сәуір-маусымында, қазан-желтоқсанында үйымдастырылсын.

2. Қосымшаға сәйкес аудандық шақыру комиссиясының құрамы бекітілсін.

3. Ұзынкөл ауданының селолық округтер, Ұзынкөл, Троебрат, Ряжский селоларының әкімдері шақыру комиссиясының отырысына әскерге шақырылышылардың келуін қамтамасыз етсін.

*Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы әкімдігінің 2010.09.17 № 298 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енеді) қаулысымен.*

4. "Қазақстан Республикасы ішкі істер Министрлігі Қостанай облысының ішкі істер Департаменті Ұзынкөл ауданының ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесіне ( келісім )

б о й ы н ш а )

ұ с ы н ы л с ы н :

1) Қазақстан Республикасының Қарулы Құштері қатарына шақыруды жүргізу мен шақырылушиларды жөнелту кезінде шақыру пунктінде қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты үйымдастыру;

2) "Ұзынкөл ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесіне азаматтарды шақыруды өткізуге және шақырылғандардың арасынан белгіленген әскери есептің ережелерін бұзғандарды анықтауға қажетті көмек көрсету;

3) әскери міндеттің орындаудан жалтарып жүрген тұлғаларды іздестіруді және ұстауды жүргізу;

5. "Ұзынкөл ауданының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесіне шақыруды үйымдастыру және жүргізу және әскерге жіберу жөніндегі іс-шараларды қаржыландыруды "Ұзынкөл ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қаржыландыру жоспарында қарастырылған қаражат есебінен 122-005-000 "Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шенберіндегі іс-шаралар" бағдарламасы бойынша жүзеге асыру ұсынылсын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары М.В. Слесарьға жүктелсін.

7. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2010 жылдың 1 қаңтардан туындаған іс-қимылдарға таратылады.

Ұ з ы н қ ө л

ауданының әкімі

А. Сейфуллин

КЕЛІСІЛДІ:

"Қазақстан Республикасы ішкі істер Министрлігі Қостанай облысының ішкі істер Департаменті Ұзынкөл ауданының ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы

А. Елисеев

"Ұзынкөл ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы

О. Уразалиев

"Ұзынкөл аудандық орталық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық

K. Ержанов

Ұзынкөл

ауданы

екімдігінің

2010

жылғы

26

сөүірдегі

№ 153 қаулысымен бекітілген

**Аудандық шақыру комиссиясының құрамы**

*Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы әкімдігінің 2010.09.17 № 298 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енеді) қаулысымен.*

|                           |          |                                                                                                                       |
|---------------------------|----------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Уразалиев<br>Орымбайұлы   | Омарғали | "Ұзынкөл істері мемлекеттік комиссия ауданының жөніндегі мекемесі, төрағасы қорғаныс бөлім" бастық, (келісім бойынша) |
| Абиджанов<br>Нагашыбайұлы | Азамат   | "Ұзынкөл ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі, жалпы бөлім бастығы, комиссия төрағасының орынбасары         |

**Комиссия мүшелері:**

|                           |             |                                                                                                                                                                                                                     |
|---------------------------|-------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Нұрмагамбетов<br>Абраїұлы | Қанат       | "Қазақстан Республикасы ішкі әйлекендерінің Қостанай облысының ішкі Департаменті Ұзынкөл ауданының мемлекеттік орынбасары істерінің ішкі әйлекендерінің Ұзынкөл ауданының мемлекеттік орынбасары" (келісім бойынша) |
| Чиканаев<br>Шаймерденұлы  | Құдайберген | "Ұзынкөл аудандық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық хирург орталық кәсіпорны, (келісім бойынша)                                                                                                                   |
| Капуун<br>Дмитриевна      | Наталья     | "Ұзынкөл аудандық орталық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық жасөспірімдер кәсіпорны, медбикесі, кабинетінің хатшысы (келісім бойынша)                                                                             |